ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қаңтар №7119-23-00-2/15748 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Zinger Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҰЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – РММ) мен «Zinger Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №598-ДБП мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 25 қарашасына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 380 800 теңге құрайтын тауар – 2 дана сандық проекциялағыштарды жеткізуге, ал РММ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 18.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.02.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 29.02.2024
7119-23-3-1/15594

сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 10 қарашада тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылдың 25 қараша.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Осыған орай, қазіргі уақытта талап қоюшымен шарт бұзылған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Zinger Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Zinger Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 18.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.02.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 29.02.2024
7119-23-3-1/15594

Жауапкер «Zinger Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.02.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 29.02.2024

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

7119-23-3-1/15594